

Е. Е. Серімов, әкімшілік құқық және ІІО-ның әкімшілік қызметі кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының кандидаты, полиция полковнигі
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)

ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЫЗДЫҢ ДЕҢГЕЙІ

Аннотация. Мақалада құқық қорғау қызметін ұйымдастырушылық-құқықтық тұрғыдан жетілдіру, олардың қызметін бағалау жүйесіндегі кемшін қалған тұстар туралы ой қозғалады.

Түйін сөздер: мемлекеттік билік, құқық қорғау органдары, қылмыстылық, құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, құқықтық статистика.

Өткенді бағамдасақ, кеңес мемлекетінің іргесі сөгілгеннен кейін қоғамымызда жалпы қылмыс пен ұйымдасқан қылмыс түрлері күрт өсті. Сол кездерде уақыттан да, қылмыстылықтан да қалып қоймау мақсатында соттық-құқықтық реформалар елімізде тым асығыс жасалып жүргізілді. Соның салдарынан құқық қорғау органдары мен ұйымдасқан қылмыстың даму қарқыны біркелкі деңгейге болмады, қайта керісінше, қылмыс атаулы «біліктілікпен» мемлекеттік биліктің бүкіл буындарына жегі құрттай дендеп еніп, құқық қорғау органдарының бүкіл күш-құралдарымен салыстырғанда, көп артықшылығы бар айырмашылықтар тудырды. Әсіресе, техникалық құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету саласында шаң жұқтырмады. Бүгінгінің биігінен қарағанда, сол кездерде құқық қорғау органдары үздіксіз өсу, даму үстіндегі қылмыстылыққа ұзақ уақыт бойына қарсы тұрулары тым әлсіз болды. Бұл — тарихи факт. Оны жасырудың тіптен де қажеті жоқ. Халықтың «ауруын жасырған өледі» деген өткір сөз иірімі осындай жәйттарға байланысты айтылса керек. Қазіргі дәуір тынысы, заман талабы мен уақыт нақышына қарай қайта өзгертіліп, толықтырылып жатқан құқық саласындағы заңнамалар сол кемшіліктерді өтеу үстінде. Осылайша салыстырмалы түрде аз-кем тарихи шегініс жасауымыздың мақсаты қылмыстылыққа қарсы күрес жүргізер мемлекеттік қызмет ерекше маңыз алса да, оның кейде белгілі бір мерзімдер аралығында сәтсіздікке ұшырауы да әбден мүмкін дегенді айғақтау ғана.

Әсілінде, әрбір алқалы бас қосуларда, ғылыми-тәжірибелік конференцияларда, дөңгелек үстелдерде қылмыстылықтың нақты жағдайы мен құқық қорғау қызметінің тиімділігінің шынайы көрінісі ресми құқықтық статистикаларда, ведомстволық көрсеткіштерде бір-біріне сәйкес келмейтіні жиі айтылып жатады. Оны көренеу бүркемелеудің қажеті шамалы. Арадағы өткен жиырма жылдан астам уақыт тәжірибесі көрсеткендей, қолданыста болған қылмыстылық жөніндегі заңнамалар қылмыстылықтың жай-күйі мен деңгейін түпкілікті өзгерте қоймаса да, бүгінгі күні қайта қабылданып, жаңаша келбет тапқан әкімшілік, қылмыстық, қылмыстық процестік кодекстері, өзге ұзын саны 22 нормативтік-актілер жіберілген кемшіліктерді болдырмауға, кемшінді бүтіндеуге, қазіргі қоғамдық қажеттілікті өтеуге ұмтылыстың жарқын көрінісі деп түсінеміз. Құқық қорғау жүйесі әлі күнге дейін ұйымдастырылу жағынан қиындықтар көріп келеді, ал мұның өзі құқық қорғау қызметінің дамуы қарқынына кері әсерін тигізері анық. Бұған алыстан дәлел іздеудің қажеті жоқ. Мәселен, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 6 тамыздағы № 883 Жарлығында экономикалық және қаржылық қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу, оларды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу жөніндегі функциялары мен өкілеттіктері Қазақстан Республикасының Қаржы полициясынан Қаржы министрлігіне берілсе, сыбайлас жемқорлық қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу, оларды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу жөніндегі функциялары мен өкілеттіктері жаңадан құрылған «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас

жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне» тиесілі болды. Енді бұл қалып қайта өзгеріп, Мемлекеттік қызмет істері министрлігінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Ұлттық бюросы» құрылды. Одан кейін Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380 «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңына 2014 жылғы 7-қарашасындағы № 248-V Заңымен өзгертулер енгізіліп, бұл заңның 3-бабы: «құқық қорғау органдарына өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жүзеге асыратын прокуратура, ішкі істер органдары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет және экономикалық тергеу қызметі жатады» болып өзгерді. Осындай өзгертулер мен толықтырулар кеңістігіндегі ала-құлалықтар себебінен аталған қызмет түрлері әзірше бірізділікке түспей, қимыл-әрекеттерінде құқық қорғау органдарының көзқарастағы бұртұтастық қағидаты балаң түсіп, қылмыстылықтың алдында тағы да уақыттан ұтыларымыз айдан анық.

Ендігі бір жайт, полицияны муниципияландыру ұғымымен тікелей байланысты келетін, ішкі істер органдарының ұйымдық-құқықтық құрылымы үшін орталықтандыру мен орталықсыздандыру қағидаларының үйлесулері өзекті болып келгені анық. Және бұл үрдіс объективті сипатқа ие. Мәселен, «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Заңы сиясы кеппей тұрып қайтадан өзгерістерге ұшырады. Әкімшілік полицияның алты бірдей қызметі жергілікті биліктің құзырына берілді. Мұның ұтымдысы не, кемшілігі не? Алғашқы тұрғыдан сөз етер болсақ, заң шығарушылар жергілікті полиция қызметі басшылары жергілікті қауымдастықтың алдында жылына кем дегенде екі рет есеп беру кезеңі енгізілді. Яғни, олар бірінші кезеңде әкімдік пен мәслихат алдында есеп берсе, екінші кезеңде жылына бір рет тұрғындардың алдында есеп беретін болды. Бұндай есеп берулер осы қызметтің ашықтығын көрсетеді және азаматтар тарапынан оларға сенімді арттырады. Осылайша жергілікті полиция қызметін бағалау тұрғындардың пікіріне байланысты болмақ екен. Құптарлық іс. Әйтсе де бұл секілді полицияны муниципияландырудың кемшілі де жоқ емес. Бір бөлігі ІІМ бағынса, бір бөлігі әкімдікке бағынуы ішкі жүйелік қызметке нұсқан келтірері анық. Екіұдай бағыныстылықтың болашағы кем.

Түйткіл тудыратын үшінші бір өзекті мәселе бар. Бұл мемлекеттің күн тәртібінде тұрған қылмыстық қудалау органдары қызметін бағалау өлшемінің жүйесін анықтауға келіп саяды. Мұндай қызмет аспектісінде қойылатын негізгі міндет — полиция жұмысының көрсеткіштерін анықтау өлшемін саннан сапаға ауыстырып өзгерту. Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарында қылмыстылыққа қарсы іс-қимылдың ұйымдық-құқықтық тұжырымдамасы аясында ішкі істер органдары қызметін бағалау өлшемі жүйесін қалыптауда өзгерістер енгізу — басты мұрат болып табылады. Қойылып отырған мәселені шешудің әлеуметтік қажеттілігі — қызметтегі ақаулықтарды жою. Өйткені құқық бұзушылық, қылмыспен күресудегі қазіргі қолданыстағы бағалау жүйесі мынадай кемшіліктердің тууына түрткі болып отыр:

- ашылуы күрделі немесе жиі ашылмай қалатын істер санатында қылмыстарды тіркеуді жасыру;

- қылмыстық-құқықтық саралау бойынша азаматтардың қылмысқа жатпайтын іс-әрекеттерін қылмыс ретінде жасанды жолмен «ашу» (қолдан криминализациялау), немесе белгілі бір үлгідегі құқық бұзушылықты ашуды басты орынға қою (гипертрофированный приоритет), әрі шынайы оперативтік жағдайға және ағымдағы кезеңнің статистикалық көрсеткіштер жоспарына сәйкес өзге қылмыстарды елемеу;

- ашылмаған қылмыстар бойынша ақпараттарды жасыру;

- қызметкерлердің әлеуметтік тиімділігі аз бюрократиялық жұмыспен жүктелуі;

- қылмыстық сот өндірісінің шынайы міндеттеріндегі, азаматтардың мүдделерін ведомство мүдделері үшін ескермеудегі қылмыстық қудалау органдарының немкеттілігі;

- қылмыстың өсу қарқыны қорытындысын бұрмалау;

- күнделікті жұмысында қолда бар ақпаратты жан-жақты қолдана алмауы.

Құқық қолданудағы осы көрсетілген кемшіліктер кешенді түрде де әрі жекелей де жемқорлық факторлары бола алады. Мәселен, істердің белгілі бір санаттарын әдейі елемеу-

ескермеуде қалыптасқан осы жайт, тергеуді «ынталандыру» мақсатында сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттердің тууына негіз болып табылады.

Қорытындылай келгенде айтарымыз, қазақстандық полиция ұйымдық-ұйымдастырушылық-құрылымдық тұрғыдан өзгеріске жиі түспегені жөн. Құқық қорғау органдарымыз жаңа даму кезеңнің алдында тұр деп ауыз толтырып қанша күпсіткенмен, уақытпен үзеңгі қағыстырып отырған кісәпір қылмыстылықтың тағы да соңында қалмасак жарады.

РЕЗЮМЕ

Автор статьи поднимает проблему совершенствования законодательства, регулирующего деятельность правоохранительных органов.

RESUME

The author raises the issue of improving the legislation regulating the activities of law enforcement agencies.

